

**Іле аудандық мәслихатының 2018 жылғы 7 желтоқсандағы № 35-166 "Іле ауданы бойынша тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелерін белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Алматы облысы Іле аудандық мәслихатының 2020 жылғы 24 маусымдағы № 58-244 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2020 жылы 2 шілдеде № 5554 болып тіркелді

**Ескерту. 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі – осы шешімнің 3-тармағымен.**

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Іле аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Іле аудандық мәслихатының "Іле ауданы бойынша тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелерін белгілеу туралы" 2018 жылғы 7 желтоқсандағы № 35-166 ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4966 тіркелген, 2019 жылдың 03 қаңтарында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Іле аудандық мәслихатының "Бюджет, әлеуметтік-экономикалық даму, көлік, құрылыс, байланыс, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, жер қатынастары және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

*Іле аудандық мәслихатының сессия төрағасы*

*Е. Турумбетов*

*Іле аудандық мәслихатының хатшысы*

*Р. Абилова*